

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 592 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.**

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; №11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., №-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; №18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; №12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; №2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; №11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; №12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118-құжат; №23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; №19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; №

21-І, 124, 126-құжаттар; № 22-ІІ, 145-құжат; № 22-VІ, 159-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 71-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"71-1-бап. Пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерделеу үшін жер учаскелерін пайдалану";

90-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Жеке санаттағы жердің құрамынан жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен айыруды шектеу";

2) 6-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеке және заңды тұлғалардың заңдарда жер қатынастары саласындағы белгіленген құқықтары, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, мемлекеттік органдардың актілерімен шектелуі мүмкін емес.";

3) 14-1-баптың 3-тармағының 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) жер қойнауын пайдаланудың пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеуге және барлауға байланысты мақсаттары үшін жария сервитуттарды белгілеу жөніндегі аудандық атқарушы органның ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау";

4) 17-баптың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеумен және барлаумен байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жария сервитуттарды белгілеу";

5) 26-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, магистральдық темір жолдарды, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын және магистральдық құбыржолдарды, байланысты, жер қойнауын пайдалануды, энергетиканы дамыту үшін белгіленген тәртіппен резервке қойылған, сондай-ақ сәулет-қала құрылысының және (немесе) құрылыстың бекітілген құжаттамасына сәйкес әкімшілік және әлеуметтік маңызы бар объектілер (әуежайлар, аэродромдар, вокзалдар, стансалар, ортақ пайдаланудағы жолдар, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттары, ауруханалар, мектептер,

мемлекеттік тұрғын үй қоры, парктер, бульварлар, гүлзарлар және қоғамдық пайдаланудағы басқа да объектілер) құрылысына арналған жер учаскелері резервке қойылған мақсаттарда жер учаскелерін игеру басталғанға дейін жер пайдаланушыларға басқа мақсаттар үшін уақытша пайдалану құқығында берілуі мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мақсаттар үшін белгіленген тәртіппен резервке қойылған жер учаскелері басқа мақсаттар үшін жеке меншікке берілуі мүмкін емес.";

б) 32-баптың 4-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсатты, лицензияны немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-қимылдар жасауға арналса, онда осы учаскеге жер пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті рұқсатты, лицензияны алғаннан немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасағаннан кейін жүргізіледі.";

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыретті орган ұлттық компаниямен жасасатын келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шарты негізінде сенімгерлік басқарушыға қайта ресімделеді.

Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға немесе старательдікке арналған лицензияның болуы, көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың немесе өндіру учаскесін және өндіру кезеңін не дайындық кезеңін бекітуді көздейтін көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтырудың немесе осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген келісімшарттық аумақты сенімгерлікпен басқару шартының жасалуы осы Кодексте көзделген тәртіппен жер учаскесін дереу беру үшін негіз болып табылады.";

7) 33-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы ауысқан кезде,";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) тұрған, мемлекеттік және/немесе коммуналдық меншікке өтеусіз берілетін жер учаскесіне;

6) ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) тұрған, сенімгерлік басқаруға берілетін жер учаскелеріне талап етілмейді.";

8) 35-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Атқарушы органдардың уақытша жер пайдалану шарттарынан шарттан біржақты бас тарту арқылы оны бұзуына жол берілмейді.";

9) 37-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану немесе старательдік жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін – жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың барлық қолданыс мерзіміне;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін берілген жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын бір тұлғадан екінші тұлғаға беру негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте уақытша жер пайдалану (жалдау) шартын облыстың уәкілетті органы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімнің немесе жер қойнауын пайдалануға қайта ресімделген лицензияның және уақытша жер пайдалану (жалдау) шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беру туралы шарттың негізінде жаңа жер қойнауын пайдаланушыға қайта ресімдейді.";

10) 42-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының оған тиесілі жер учаскесінің шекараларындағы жер қойнауын пайдалануына осы Кодекстің 64-бабында көзделген құқықтарды іске асыру мақсаты үшін рұқсат етіледі және жер учаскесінің нысаналы мақсатына және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Базалық құрылыс материалдарын алуға құқықтар және жер асты суларын пайдалану құқықтарын жеке қажеттіліктері үшін беру жер қойнауының тиісті бөлігі орналасқан жер учаскесін жеке меншікке немесе жерді пайдалануға берумен бір уақытта жүргізіледі.";

11) 43-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану, старательдік мақсаттар үшін жер учаскесі берілген жағдайда, өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензияның немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі.";

12) 48-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізінде жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру және жер қойнауы

кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қажетті инженерлік, көліктік және өзге де инфрақұрылымды салу және (немесе) орналастыру үшін;"

13) 49-2-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жерді резервте қалдыру елді мекендердің дамуын қамтамасыз ету, жоспарланған инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін, стратегиялық объектілерді, қорғаныс және қауіпсіздік, ғарыш қызметі объектілерін орналастыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, оның ішінде қорғаныш ағаш екпелерін егу мақсатында, халықтың жеке ауласын күтіп ұстау және бақша өсіру жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру мақсатында жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдалану үшін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін мемлекет меншігіндегі жерлерде резервтік аумақтар құру арқылы жүзеге асырылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жерді резервте қалдыру Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасының немесе "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалану мақсатында жерді резервте қалдыру үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті атқарушы органдардың жерді резервте қалдыру туралы шешімінде резервте қалдырудың негізі, мақсаттары және мерзімдері, жердің жалпы алаңы мен санаты, сондай-ақ жерді пайдалануда қойылатын шектеулер көрсетілуге тиіс. Жер пайдалану немесе шектеулі нысаналы пайдалану құқығында бұрын берілген жер учаскелерін резервте қалдыру кезінде жер пайдаланушылар және сервитуттардың иелері көрсетіледі.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Резервте қалдырылған жердің құрамындағы жер учаскелері жердің аймақтарға бөлінуіне сәйкес оның қандай да бір санатқа тиесілігін және рұқсатпен пайдаланылуын негізге ала отырып, уақытша объектілерді орналастыру үшін немесе құрылыспен байланысты емес мақсаттар үшін резервке қалдырылған мақсаттарда жер учаскелерін игеру басталғанға дейінгі мерзімге уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.";

14) 64-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өз шаруашылығының мұқтажы үшін жер учаскесінде немесе жер қойнауында оларға тиесілі жер учаскелерінің астында бар құрылыс материалдарын, екпелерді, жер үсті және жер асты суларын, кейіннен мәмілелер жасасу ниетін көздемей, белгіленген тәртіппен пайдалану, сондай-ақ жердің өзге де пайдалы қасиеттерін пайдалану;"

15) 69-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізетін жеке меншік иесі, жер пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушы көрші жер учаскесіне жеке меншік немесе жер пайдалану құқығының субъектісінен, ал қажет болған жағдайда өзге учаскеге де жеке меншік немесе жер пайдалану құқығының субъектілерінен осы учаскелерді шектеулі пайдалану құқығын (жекеше сервитутты) табыстауды талап етуге құқылы.";

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер жеке меншік иесінің немесе жер пайдаланушының өз учаскесіне басқа жолмен өтуі (барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушының – барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін өз аумағына) мүмкін болмаса, аса қиын болса немесе шамадан тыс шығындарды талап етсе, көрші немесе өзге де жер учаскесі арқылы жаяу және (немесе) көлікпен жүріп өтуді;

2) көрші немесе өзге де учаскеге сервитут белгіленбейінше қамтамасыз етуге болмайтын, электр таратудың, байланыстың қажетті желілерін тартуды және пайдалануды, сумен, субұрумен, жылумен жабдықтауды, газбен жабдықтауды, мелиорацияны және жеке меншік иесінің, жер пайдаланушының немесе барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушының басқа да қажеттерін қамтамасыз ету үшін белгіленуі мүмкін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрші немесе өзге де учаскеге жекеше сервитут осы учаскелерге жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы субъектілерімен жасалатын шарт (жекеше сервитутты белгілеу туралы шарт) бойынша немесе сот шешімі бойынша белгіленеді.

Жер учаскесін (жекеше сервитутпен) шектеулі пайдалану құқығы субъектісі жеке меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жекеше сервитутты белгілеу туралы шартта немесе сот шешімінде айқындалған мөлшерде сервитутқа байланысты барлық шығынды өтеуге тиіс.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жария сервитуттар, егер бұл мемлекеттің және жергілікті халықтың мүдделерін қамтамасыз ету үшін немесе пайдалы қазбаларды барлауды немесе геологиялық зерделеуді жүргізу мақсаттары үшін қажет болса, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің шешімдері негізінде жер учаскелерін алып қоймастан, олардың жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреті шегінде белгіленуі мүмкін.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) пайдалы қазбаларды барлау жүргізу немесе геологиялық зерделеу мақсатында жер учаскесін немесе оның бөлігін уақытша пайдалану;";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жекеше сервитут ауыртпалығын көтеруші жер учаскесінің меншік иесі немесе оның жер пайдаланушысы мүддесіне орай сервитут белгіленген адамдардан мөлшерлес төлемақы талап етуге құқылы. Жекеше сервитут үшін төлемақы мөлшері жекеше сервитутты белгілеу туралы шартта немесе сот шешімінде айқындалады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Пайдалы қазбаларды барлау жүргізу немесе геологиялық зерделеу мақсаттары үшін белгіленетін сервитуттарды қоспағанда, мемлекет меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелері бойынша жекеше сервитутты белгілеген кезде, сервитут үшін төлемақы бюджетке түседі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Егер сервитутты белгілеу жер учаскесін пайдалануда елеулі қиындықтарға әкеп соғатын болса, жер учаскесі жария сервитут түріндегі ауыртпалықпен бірге меншікке немесе жер пайдалануға берілген адамдарды қоспағанда, жария сервитут ауыртпалығын көтеруші жер учаскесінің меншік иесі немесе оның жер пайдаланушысы жария сервитутты белгілеген мемлекеттік органнан мөлшерлес төлемақы талап етуге құқылы.

Егер жария сервитутты белгілеу жер учаскесін пайдалану мүмкін болмай қалуға әкеп соғатын жағдайларда жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі шығынды жария сервитутты белгілеген мемлекеттік органнан толық көлемде өткізе отырып, өзінен осы жер учаскесін алып қоюды, соның ішінде сатып алу арқылы алып қоюды не онымен құны тең жер учаскесін беруді немесе ол мүмкін болмаған жағдайда - басқа жер учаскесін оның құнын немесе оған құқықтарды жердің бағасына есептеп және шеккен залалдарды өтей отырып, беруді талап етуге құқылы.

Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін жария сервитут белгіленген жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген төлемақы төлеуді және (немесе) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген залалдарды өтеуді тиісті жер қойнауын пайдаланушы жүргізеді.";

16) 70-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уақытша (маусымдық) пайдаланылатын мал айдау жолдарын жеке меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жерді алып қоймай, жерінен жол өтетін жеке меншік иелерімен немесе жер пайдаланушылармен, сондай-ақ мал айдау тас жолы пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерделеу жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақ арқылы өткен жағдайда, жер қойнауын пайдаланушылармен келісе отырып, аудандық (аудан аумағында) немесе облыстық (екі немесе одан көп аудандар аумағында) атқарушы органдар белгілеуі мүмкін.

2. Мал иелері малды тас жолмен айдап өткен кезде келтірілген залал үшін жеке меншік иелері, жер пайдаланушылар және сервитуттарды иеленушілер алдында жауаптылықта болады.";

17) 71-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың қолданысы пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерделеу жүргізу кезінде іздестіру жұмыстарын жүргізуге қолданылмайды.";

18) мынадай мазмұндағы 71-1-баппен толықтырылсын:

"71-1-бап. Жер учаскелерін пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерделеу үшін пайдалану

1. Пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеу немесе барлау жөніндегі операцияларды жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жерлерде, мұндай жерлерді меншікке немесе жер пайдалануға алмай-ақ жария сервитут негізінде жүргізу мүмкін.

Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскелерінде пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеу немесе барлау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мұндай учаскелерде қажетті жұмыстарды меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмай-ақ жеке немесе жария сервитут негізінде жүргізе алады.

2. Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін белгіленетін жария сервитут жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензияның немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімінің шешімімен ресімделеді.

3. Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімі мен орны, жерлерді рекультивациялау бойынша міндеттер және өзге де талаптар – жекеше сервитут белгілеу туралы шартта, ал жекеше сервитутты белгілеу туралы шарт болмағанда сот шешімімен айқындалады.

4. Егер жекеше сервитутты белгілеу туралы шартта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушы меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға сервитут үшін төлемақы төлегенге және жасалған жекеше сервитут белгілеу туралы шартқа немесе сот шешіміне сәйкес залалды өтегенге дейін геологиялық зерделеу немесе пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі жұмыстарға кірісуге құқылы емес.";

19) 90-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Жекелеген санаттағы жердің құрамынан жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды шектеу

Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамынан жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы, биологиялық және ирригациялық-мелиорациялық, балық



шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу және оқу орындарының тәжірибелік алаңдарының, орман және су қорларының жерлерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құрумен және кеңейтумен, халықаралық міндеттемелерді орындаумен, учаскенің астынан бағалы пайдалы қазбалар кен орнының табылуымен, жолдарды, жаңартылған энергия көздерін пайдалану объектілерін, электр беру желілерін, байланыс желілері мен магистральдық құбыржолдарды, елді мекендердің ортақ пайдаланудағы инженерлік-коммуникациялық желілерін, сондай-ақ ықтимал орналастырудың басқа нұсқалары болмаған кезде мемлекеттік маңызы бар объектілерді салумен байланысты ерекше жағдайларда жол беріледі."

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша "жер қойнауын пайдалану және зерделеу жөніндегі" деген сөздер "жер қойнауын зерделеу жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) жер асты сулары – жер қойнауындағы су шоғырланымдары;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) құбырлы сүзгіш құдық - су бетінің бірінші су тұтқыш жиегіне бекітілетін бірқатар тесігі бар құбыр кесіндісі;"

мынадай мазмұндағы 17-1) және 58-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) өнеркәсіптік жер асты сулары – құрамындағы пайдалы қазбаларды алу үшін пайдаланатын жер асты сулары (сирек элементтер, галогендер және басқалар);

58-1) термалды сулар – температурасы 20<sup>0</sup>С-тан жоғары жер асты сулары;"

59) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"59) шахта құдығы – су бетінің бірінші су тұтқыш жиегінен жер асты суларын алу үшін, сумен жабдықтау, тау-кен жыныстарын құрғату және жер бетінен атмосфералық және жер үсті суларын бұру мақсатында құрылған тереңдігі көлденең кесігінен үлкенірек тік тау-кен қазындысы";

3) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Су объектілері

Қазақстан Республикасының су объектілеріне шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық беті және жер қойнауындағы су шоғырланымдары жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үстіндегі және жер асты су объектілері болып табылады.";

4) 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жер асты суларын мемлекеттік геологиялық зерделеу мен барлау, жер астындағы құрылысжайларды судың зиянды әсерінен қорғау саласындағы қатынастар тиісінше "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен және азаматтық қорғау туралы заңнамамен реттеледі.";

5) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Жер асты суларының объектілері

Жер асты суларының объектілеріне:

1) жер асты суларының бассейні;

2) жер асты суларының кен орындары мен учаскелері;

3) су тұтқыш жиектер және кешендер;

4) жер асты суларының құрлықта табиғи шығуы (қайнар бастаулар).";

6) 40-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы алып тасталсын;

7) 58-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып жүзеге асырады.";

8) 66-бапта:

3-тармақ алып тасталсын.

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мынадай су тарту құрылысжайларын: шахталы және құбырлы сүзгілі құдықтарды, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау үшін

пайдаланылмайтын су тұтқыш қабаттың үстіңгі бетінің біріншісінен тәулігіне барлық жағдайда елу текше метрден көп емес су алынып, деңгейі мәжбүрлі төмендетілмей жұмыс істейтін шегендеу құрылысжайларын пайдалану;"

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген құрылысжайларды немесе техникалық құрылғыларды қолдана отырып, тәулігіне елу мың текше метрден бастап алу лимитімен жер асты суларын тарту және (немесе) пайдалану;"

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арнайы су пайдалануға рұқсат:

1) теңгерімінде олардың көмегімен арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын, белгіленген талаптар мен стандарттарға сай құрылысжайлары немесе техникалық құрылғылары;

2) суды есепке алу құралдары;

3) сарқынды суларды беруге немесе қабылдауға өтінімдерімен қайталама су пайдаланушылардың тізбесі;

4) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жер үстіндегі және (немесе) жер асты суларын алу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы;

5) жер асты суларын алу және (немесе) пайдалану кезінде жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен суды пайдалану шарттарын келісуі бар жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі. Минералды жер асты суларын қоспағанда, тәулігіне елу текше метрге дейінгі көлемде жер асты суларын алу және (немесе) пайдалану кезінде келісу талап етілмейді;

9-тармақ алып тасталсын;

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Уәкілетті органның өңірлік органдары тәулігіне елуден текше метрден бастап алу лимиттерімен жер асты суларын алуға және (немесе) пайдалануға арналған арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне осы су пайдалану шарттарын келісу үшін сұрау салу жібереді.

Жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның өңірлік органына оң немесе теріс қорытынды беруге міндетті.";

9) 90-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз сумен жабдықтауға жарамды жер асты су объектілерін өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді." .

10) 120-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін болатын жер асты суларының кен орындары мен учаскелерінің контурында радиоактивті және химиялық қалдықтар көміндісін, үйінділерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жер асты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Гидрогеологиялық ұңғымалар, оның ішінде өздігінен төгілетін және барлау ұңғымалары, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымалар консервациялау құрылғылармен жабдықталуға немесе жойылуға жатады.

Гидрогеологиялық ұңғымаларды жоюды және консервациялауды ұңғымалардың иелері жүзеге асырады.

Иесіз қалған өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жоюды және консервациялауды жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер асты суларын қорғау жөніндегі шараларды қолдануға міндетті."

3. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) барлық мәтін бойынша "жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі" деген сөздер "жер қойнауын зерделеу жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнында:

27-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері".

221-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 224-1-баппен толықтырылсын:

"224-1-бап. Жер асты суларын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар";

3) 17-бапта:

мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың құрамындағы экологиялық жобалардың сараптамасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын өз құзыреті шегінде келіседі;"

29) тармақшаның 44-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнайдың теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларын;"

4) 21-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмысты орындау және қызметтер көрсетуге арналған лицензияны тоқтата тұру.";

5) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің жол берілетін шекті нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері

1. Парниктік газдар шығарындыларын қоспағанда, ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің жол берілетін шекті нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері қоршаған ортаның сапасының нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей шартпен эмиссияның әрбір стационарлық көзі және тұтастай кәсіпорын үшін есептеулер негізінде белгіленетін эмиссиялар шамалары болып табылады.

2. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің жол берілетін шекті нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері эмиссиялар нормативтерінің есептеу мәндерін, техникалық үлестік нормативтерінің белгіленген мәндерін қамтитын стационарлық және жылжымалы көздері шығарындылардың, технологиялық процестер мен

жабдықтар үшін белгіленген жобалар құрамында қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру кезінде пайдаланылады. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің жол берілетін шекті нормативтерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтерінің, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің қолданылуы шаруашылық және өзге де қызметтің I, II, және III санатты объектілер үшін табиғат пайдаланушының өтініміне сәйкес, бірақ күнтізбелік он жылдан аспайтын мерзімге белгіленеді, IV санаттағы объектілер үшін – егер өтінімде сұралатын мерзім көрсетілмесе, табиғат пайдаланушының өтінімі бойынша келісілген немесе мерзімсіз кезеңге белгіленеді.";

6) 28-бапта:

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаға эмиссия нормативтері көзделген шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау құрамында не жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін жекелеген құжаттар (эмиссиялардың жиынтық нормативтері жобалары) түрінде негізделеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Эмиссия нормативтерін белгілеу кезінде эмиссияның сандық және (немесе) сапалық сипаттамасы, қоршаған ортаның іс жүзіндегі ластануы ескеріледі. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы жөніндегі деректерді жобаның тапсырыс берушісімен немесе жобалау ұйымымен жасалған шарт бойынша ұлттық гидрометеорологиялық қызмет ұсынады. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы жөніндегі деректерді ұсыну қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге байланысты технологиялық қызметке жатады.";

7) 40-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет маңыздылығы мен толымдылығы бойынша I, II, III, IV болып 4 санатқа бөлінеді.

I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныбына жататын қызмет түрлері, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланудың барлық түрлері, сарқынды суларды (су объектісіне, жер рельефіне, жинағыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарқыш құрылыс кешендеріне) ағызу жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын қызмет түрлері, сарқынды суларды (су объектісіне, жер рельефіне, жинағыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарқыш құрылыс кешендеріне) ағызуды қоспағанда арнайы орманды пайдалану мен суды арнайы пайдаланудың барлық түрлері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілердің санитарлық жіктеуішіне сәйкес қауіптіліктің 5-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.";

8) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Экологиялық сараптама түрлері

Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманың мына түрлері:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама;

2) қоғамдық экологиялық сараптама;

3) жобалардың экологиялық сараптамасы жүзеге асырылады.";

9) 47-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын.

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілетін жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалық құжаттар міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жасауға жатпайды.";

10) 48-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. I санаттағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, II, III және IV санаттағыларға - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санаттағы мемлекеттік экологиялық объектілеріді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдары арасында бөлу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

11) 49-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға құжаттаманы электрондық нысанда:";

12) 50-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тіркелген күнінен бастап мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беретін орган мемлекеттік экологиялық сараптаманың I санаттағы объектілері үшін бес жұмыс күнінен аспайтын, II, III және IV санаттары үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде олардың құжаттарының толықтығын қарайды. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, құжаттар ұсынған тұлғаға қайтарылуға жатады.";

13) 51-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы оны жүргізу нәтижелері бойынша беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптамалардың міндетті сипаттамаға ие және табиғат пайдалану мен қоршаған ортаға және халық денсаулығына әсер етуі тұрғысынан

құқықтық, ұйымдастырушылық және шаруашылық шешімдерді қабылдаудан бұрын жүргізілуге тиіс.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын қайтарып алуды табиғатты пайдаланушының жазбаша өтініші немесе келісімі негізінде оны берген орган жүзеге асырады.

Экологиялық заңнаманың талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде экологиялық сараптаманың оң қорытындысынан айыру (оны қайтарып алу) сот тәртібімен жүзеге асырылады";

14) 69-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген Қазақстан Республикасында қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары және өкілдіктеріне беріледі.";

15) 72-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін рұқсат беру органына электрондық нысанда қажетті құжаттар топтамасын ұсынады.

2. I, II, III санатты объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы не эмиссиялардың бекітілген нормативтері қамтылған құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасын;

3) қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралардың жоспарын қамтиды.";

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

16) 74-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шаруашылық және өзге де қызметтің I, II және III санаттарының объектілері үшін рұқсат беретін орган өтінім тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен кем емес мерзімде өтінімді оның толықтығы тұрғысынан қарайды.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін өтінім қарауға қабылданады не ұсынылған материалдардың жеткіліксіздігі салдарынан қабылданбайды.

Өтінім қабылданбаған кезінде табиғат пайдаланушыға қабылданбау себептері дәлелді түрде негізделіп бас тарту жіберіледі.

3. Рұқсат беретін орган қабылданған өтінімдерді:

1) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаттағы объектілері үшін өтінім тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;

2) шаруашылық және өзге де қызметтің II және III санаттағы объектілері үшін өтінім тіркеген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;



3) шаруашылық және өзге де қызметтің IV санаттағы объектісі үшін өтінім тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.";

17) 77-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) қоршаған ортаға эмиссия нормативтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары сәйкес келмеген жағдайларда рұқсат беруден бас тартады.";

18) 77-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты оны берген орган жаңа берілген рұқсат күшіне енген күннен бастап не табиғат пайдаланушының жазбаша өтінімі негізінде жояды.";

19) 78-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта рәсімдеу табиғат пайдаланушының атауын немесе ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен, ол қайта ұйымдастырылған жағдайларда, сондай-ақ объектiнiң (объектiлердiң) осындай рұқсат берiлген меншiк иесi ауысқан жағдайда бұл қоршаған ортаға жүктеменi арттыруға әкеп соқтырмаған жағдайда он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

20) 78-баптың 2-тармағында:

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) эмиссияға қайта рәсімделетін рұқсат берілген табиғатты пайдалану объектісіне (объектілеріне) меншік иесі құқығының ауысатынын растайтын құжаттар көшірмесі.";

21) 114-баптың 9), 11), 12), 13) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталу шамасына қарай немесе басқа да бүлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жерлердің Қазақстан Республикасы жер заңнамасы талаптарына сәйкес одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайға келтірілуіне;

11) жер қойнауының ластанудан, су басудан және кен орны мен қоршаған орта объектілерінің бүлінуіне әкеп соғатын техногендік процестерден сақталуына;

12) жер қойнауы учаскелерінің және жер қойнауы объектілерінің консервациялануына және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарының жойылуына;

13) жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелердің сақталуына;

14) пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;"

22) 117-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қоршаған ортаға және (немесе) халықтың денсаулығына аса ірі залал келтіруге әкеп соққан, табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық рұқсатта көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата тұру немесе одан айыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;"

1) тармақша алып тасталсын;

23) 142-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жер қойнауының мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді басқаруда қамтамасыз ету және олардың өзгеруін уақтылы анықтау, теріс процестер салдарларын бағалау, олардың алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін байқау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау жүйесін білдіреді. Жер қойнауы мониторингінің деректері Жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрында жинақталады.";

24) 150-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастры бойынша - жер қойнауын зерделеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;"

25) 154-баптың 1-тармағының 4) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға арналған мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындыларын ұсынады.";

26) 156-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі - Көмудің мемлекеттік кадастры) жүргізу - Қазақстан Республикасының аумағында зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың барлық объектілер бойынша міндетті болып табылады.";

"3. Көмудің мемлекеттік кадастрының деректері Жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастріне енгізіледі және жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады.";

27) 195-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер ресурстарын, жер қойнауын, жер асты және жер үсті суларын, орман және өсімдіктер дүниесінің өзге де ресурстарын, жануарлар дүниесінің ресурстарын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар тиісінше жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы органмен, жер қойнауын зерделеу жөніндегі, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, орман шаруашылығы саласындағы, жануарлар дүниесін

қорғау, молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша белгіленеді.";

28) 207-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Табиғи экологиялық жүйелердің, тірі организмдердің генетикалық қорының жойылу қатерін, халықтың өмірі мен денсаулығына қауіпті қоршаған ортаның басқа да өзгерістерін туындататын шаруашылық және өзге де қызметке тыйым салынады.";

29) 217-баптың 2-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Табиғат пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды құрылыс, геологиялық барлау және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде;"

30) 219-бапта:

1-тармақтың 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жердің тұтастығын сақтау мақастында техникалық, технологиялық және экологиялық тиімділікті ескере отырып, кен орнын игерудің арнаулы әдістерін қолдану";

"4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қауіпті техногендік процестер көріністерінің пайда болуынан сақтандыру шараларын қолдану";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, жұмыскерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық сызбалар мен жобаларды сақтауға, ал көмірсутекті барлау және өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын тиімді пайдалануға да міндетті.";

31) 220-бапта:

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жер қойнауын пайдалану объектілерінің құрылысына және (немесе) оларды орналастыруға бөлінген учаскелердің шегінен тыс жерлерде өсімдіктерді және топырақ жабынын зақымдауға;

2) өндіріс қалдықтарын жер үсті су объектілеріне және жер қойнауына тастауға;"

32) 221-бап алып тасталсын;

33) мынадай мазмұндағы 224-1-баппен толықтырылсын:

"224-1-бап. Жер асты суларын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

1. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес арнайы суды пайдалануға рұқсат беру жер асты суларын алу және пайдалану үшін негіз болып табылады.

2. Тәулігіне екі мың текше метр жер асты суларын алу және пайдалану негізге алынатын жоба (технологиялық сызба) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс.

3. Табиғатты пайдаланушылар барлау жүргізу, су шығару және (немесе) тәулігіне екі мың текше метр көлемінде жер асты суларын пайдалану кезінде өз есебінен жер асты сулары кенін игерудің жаңа тәсілдері мен технологиялық схемаларын іздестіру және қолданыстағыларды жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, технологиялық жабдықты, үздіксіз және мерзімді бақылау құралдарын жетілдіруге, жер асты суларының ұтымды пайдаланылуын және оның тартылу мен ластанудан сақталуын, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Суды арнайы пайдалануға рұқсатта көзделмеген мақсатта немесе осы талаптарды бұза отырып жер асты суларын шығаруға және (немесе) пайдалануға тыйым салынады.

5. Жер асты суларының кенін барлау, шығару және (немесе) пайдалану суды арнайы пайдалануға арналған рұқсат талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген нормалар мен талаптар сақталып жүзеге асырылуға тиіс.

6. Жер асты суларына барлау, оны шығару және (немесе) пайдалану жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар:

1) жер асты суларының кенін ұтымды барлау мен оны шығаруға және (немесе) пайдалануға толық кешенді зерделенуіне және ұңғымаларды пайдаланудағы кемшіліктер есебінен судың орны толмас шығын болмауына және олардың сапалық қасиетінің жойылмауына қол жеткізілуін;

2) су тұтқыш жиектердің ластану ықтималдығын болғызбауды;

3) егер ол жобада көзделмеген болса, әртүрлі жиектегі судың араласып кету, бір жиектен екінші жиекке құйылу ықтималдығын болғызбауды;

4) жер асты суларының бақылаусыз, реттелмей шығарылуына жол берілмеуін, ал авариялық жағдайларда судың шығын болуын жою жөнінде жедел шаралар қабылдануын;

5) пайдалы құрауыштары бар жер асты суларының кешенді пайдаланылуын;

6) атмосфералық ауаның, жердің беткі қабатының, ормандардың, сулардың және басқа да табиғи объектілердің, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың су пайдаланумен байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғалуын;

7) барлау, шығару және (немесе) пайдалану процесінде жарамсыз күйге келтірілген жер учаскелерінде кешенді қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

7. Жер қойнауын пайдаланушы гидрогеологиялық, оның ішінде өздігінен ағып шығатын және барлау ұңғымаларын, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымаларды реттегіш құрылғылармен жабдықтауға, консервациялауға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоюға тиіс.

8. Егер жер қойнауын басқа пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін пайдаланған кезде су тұтқыш жиектер ашылса, табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәтіппен жер асты сулары объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауы қажет және бұл жөнінде қоршаған ортаны, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына хабарлауға тиіс.

9. Ашылған жер астының су тұтқыш жиектері олардың ластануын болғызбайтындай сенімді оқшаулаумен қамтамасыз етілуге тиіс.

10. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін су тұтқыш жиектер ашылған кезінде бұрғылау мен цемент ерітінділерін дайындау үшін (өңдеу үшін) қолданылатын химиялық реагенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісілген уыттылық сипаттамасы болуға тиіс.

11. Қазақстан Республикасының Су кодексіне және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз суға жарамды сапасы бар жер асты суларын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға байланыссыз қажеттіліктер үшін пайдалануға жол берілмейді.

12. Жер асты суларының су тартқыштарын оларды суды реттейтін құрылғылармен, су өлшегіш аспаптармен жабдықтамай, сондай-ақ санитарлық қорғау аймақтарын белгілемей және жер асты сулары объектілерінің жай-күйі көрсеткіштерін қадағалайтын бекеттер құрмай пайдалануға беруге тыйым салынды.

13. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жер асты сулары объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтауға міндетті.

14. Жер асты сулары объектілерін пайдалануға байланысты су тартқыштарды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жоғарғы қабаттағы су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін (аумақты су басуын, шөлейттенуін, жердің батпақтануын, топырақтың көшуі мен шөгуін) болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

15. Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында:

1) жер асты сулары объектілерінен алынатын және оларға ағызып жіберілетін судың бастапқы есебінен қоршаған ортаны қорғау, су қорын қорғау және пайдалану

саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жүргізеді;

2) су тарту және су құю құрылыстарын су шығындарын өлшейтін құралдармен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен ағатын ұңғымаларға реттегіш құрылғылар орнатады;

3) жер асты сулары кен орындарының ағымдағы игерілуіне бақылау, ұңғымалардың жұмысын жедел бақылау және кен орындарын игерудің бекітілген жобасы немесе технологиялық схемаға сәйкес, технологиялық режимнің орындалуына бақылау жасайды. Бақылаудың мерзімділігі игеру жобасында (технологиялық схемада) белгіленеді;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекітетін статистикалық әдіснамаға сәйкес жер асты суларын пайдалану туралы алғашқы статистикалық деректерді табыс етеді.";

34) 225-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте үстіңгі су объектілеріне сарқынды суларды төгуге су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша, жер қойнауына сарқынды суларды ағызып жіберуге – жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия немесе келісімшарт болған кезде жол беріледі.";

35) 255-бапта:

Тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"255-бап. Мемлекеттік қорық аймақтарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қойылатын арнайы экологиялық талаптар";

1-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің қоршаған ортаға және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілеріне ықтимал теріс әсерін болдырмау үшін табиғат пайдаланушы:";

1) тармақшаның үшінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумақтары бойынша қосалқы технологиялық жолдардың схемасы;

жобада көзделген технологиялық алаңдарды әзірлеу үшін жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізу аумақтарында, ағаштарды және бұталарды кесу мен түбірімен қопаруды келісу;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағының шекарасын анық белгілеу мақсатында аншлаптар қою жолымен шекараларды нақтылап айқындау;"

2-тармақтың 11)- 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"11) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша, арнайы бөлінген алаңдарды қоспағанда, көлік құралдарының технологиялық жолдардан шығып кетуіне, сондай-ақ жол желісінен тыс жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағымен жүруіне;

12) базалық құрылыс материалдарын өндіру;

13) қалдықтардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағына және мемлекеттік қорық аймағына көшуін (желмен, жауын-шашынмен) болдырмайтын, осы үшін арнайы бөлінген орындардан тыс жерге өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтауға;

14) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағындағы, арнайы бөлінген алаңдарды қоспағанда, жанар-жағар май материалдары мен басқа да ластаушы заттарды төгуге тыйым салынады.";

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағындағы жиырма километрге дейінгі шеңберде артезиан ұңғымалары мен құдықтардағы судың химиялық құрамын тоқсан сайын бақылау;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу аумағында және оның шегінен тыс он километрге дейінгі шеңберде топырақтағы радиация деңгейі мен радиоактивті заттардың болуын тоқсан сайын бақылау;"

36) 259-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтық аймағында мұнай операцияларын жүргізу "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

37) 286-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техногендік минералды түзілімдерге;"

38) 298-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Техногендік минералды түзілімдерді уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды.

Техногендік минералды түзілімдерді уақытша сақтау орындары оларды қайта өңдеуге, кейіннен кәдеге жаратуға, ұзақ мерзімде сақтау орнына не полигонға әкеткенге не осындай операцияларды жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға бергенге дейін оларды қауіпсіз жинауға арналады.

Осындай техногендік минералды түзілімдерді мерзімін уақытша сақтау шарттарымен мерзімдері бұзылған жағдайда олар солардың құрылған кезінен бастап орналастырылған деп танылады.";

39) 300-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші және екінші бөлігінің ережелері "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес тарату бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуді ұсынған жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.";

40) 303-баптың 10-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес тарату бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуді ұсынған жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.".

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., №2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100, № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113, №20-VII 117-құжаттар; № 21-I, 121, 124-құжаттар; №21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I,140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; №23-II, 172-құжат; 2016 ж., №7-II, 53-құжат; №8-I, 62-құжат; №12, 87-құжат; 2016 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 27 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 50-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жер қойнауын пайдаланушылардың жалға беру төлемдері болып табылады.";

2) 51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) жер қойнауын пайдаланушылардың жалға беру төлемдері;".



5. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; №21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 8 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 8 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы"; 2016 жылғы 21 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 21 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақ мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 21 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік

реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 22 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 22 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астық нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 26 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

140-баптың тақырыбы алып тасталсын;

345, 346, 347 және 348-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"345-бап. Көмірсутек пен уранға байланысты жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі қағидаларды бұзу

346-бап. Қатты пайдалы қазбаларды жобалық құжатта көзделмеген түрлерін, тәсілдерін және жұмыс әдістерін қолдана отырып барлау және (немесе) өндіру операцияларын жүргізу

347-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде экологиялық нормалар мен қағидаларды бұзу

348-бап. Пайдалы қазбалар қорларына мемлекеттік сараптама жүргізбей көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстар жүргізу";

349, 350, 353-баптардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"349-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы есептілікті ұсыну тәртібін бұзу

350-бап. Пайдалы қазбалардың өндірілген қорлары мен ресурстарын анық есепке алуды қамтамасыз етпеу";

353-бап. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау тәртібін бұзу";

356-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"356-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу қағидаларын бұзу";

687-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"687-бап. Жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган";

687-1-баптың мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

"687-1-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган";

688-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"688-бап. Көмірсутек саласындағы уәкілетті орган";

688-1-баптың мынадай мазмұндағы тақырыппен толықтырылсын:

"688-1-бап. Уран саласындағы уәкілетті орган";

2) 362-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ салық салу, бәсекелестікті қорғау саласында, кеден ісі саласында, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы, мемлекеттік құпиялар туралы, табиғи монополиялар туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал заңды тұлға (оның ішінде дара кәсіпкер) әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін, ал салық салу, бәсекелестікті қорғау саласында, кеден ісі саласында, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бес жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.";

3) 140-бап алып тасталсын;

4) 345-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"345-бап. Көмірсутек және уран бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі қағидаларды бұзу

Қалған қорлардың сапасын нашарлатуға, жобадан тыс және нормативтен тыс пайдалы қазбалар негізсіз шығындарына әкелген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі қағидаларды бұзу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 346-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"346-бап. Жобалық құжатта көзделмеген жұмыстардың түрлерін, тәсілдерін және әдістерін қолдана отырып, қатты пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу

Белгіленген мерзімде жобалық құжаттарға өзгерістер енгізу туралы құзыретті органның хабарлануынсыз, жобалық құжатта көзделмеген жұмыстардың түрлерін,

тәсілдерін және әдістерін қолдана отырып, қатты пайдалы қазбаларды барлау және ( немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

б) 347-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"347-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде экологиялық нормалар мен қағидаларды бұзу"

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде экологиялық нормалар мен қағидаларды бұзу, егер бұл іс-әрекет елеулі залал келтіруге әкеп соқпаса –

ескерту жасауға әкеп соғады.";

7) 348-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"348-бап. Пайдалы қазбалар қорларына мемлекеттік сараптама жүргізбей көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу

Пайдалы қазбалар қорларына мемлекеттік сараптама жүргізбей көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 349-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"349-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы есептілікті беру тәртібін бұзу"

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген жер қойнауын пайдаланушының есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерді бұзуы -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9) 350-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"350-бап. Пайдалы қазбалардың ресурстарын және өндірілген қорларын анық есепке алуды қамтамасыз етпеу

Өндірілген қатты пайдалы қазбаларды анық есепке алуды қамтамасыз етпеу, өндірілген көмірсутектерді анық есепке алуды қамтамасыз етпеу –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

10) 353-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"353-бап. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау тәртібін бұзу"

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялары жүргізу салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындамау –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

11) 354-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"354-бап. Мемлекеттік бақылау органдарына жер қойнауын пайдалану туралы ақпаратты, геологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту немесе жалтару

Мемлекеттік бақылау органдарына жер қойнауын пайдаланудың, өндірілген пайдалы қазбалардың жай-күйі туралы уақтылы, толық және анық ақпаратты беруден бас тарту немесе жалтару –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – алты, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

12) 356-бапта:

бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу қағидаларын бұзу – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жер қойнауын пайдалану кезінде экологиялық талаптарды орындамау – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттарын бұзу, сондай-ақ көмірсутектерін барлау және өндіру жөніндегі жобалық құжаттардың талаптарын бұзу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Жер қойнауын пайдалану саласындағы белгілеген тәртіпте бекітілген жобалық құжаттарсыз іздеу, бағалау жұмыстарын және өңдеу жұмыстарын жүргізу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көмірсутек саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз немесе рұқсат шарттарын сақтамастан шикі газды жағу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Жер қойнауын пайдаланушының шикі газды кәдеге асырусыз және (немесе) қайта өңдеусіз көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуі –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көмірсутегі саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз немесе рұқсатының шарттарын сақтамастан "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көмірсутектерді теңізде барлау және (немесе) өндіру жүргізу –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

оныншы бөлік алып тасталсын;

он бірінші және он екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөнінде операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларда, теңізге мұнайдың төгілуі тәуекелімен байланысты теңізге қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларда мұнайдың төгілуінің тәуекелінің алдын алу және оны жою жөніндегі ұйымның бекітілген жоспарының болмауы –

Жеке тұлғаларға – бір жүз елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

12. Теңізге бірінші және екінші деңгейдегі мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін қажетті өзінің жеке материалдары мен жабдықтарынсыз не мамандандырылған ұйыммен жасалған шартсыз теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөнінде операцияларды жүргізу –

жеке тұлғаларға – бір жүз елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

13) 687-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 344, 349, 350, (бірінші және үшінші бөліктерінде), 352, 353, 354, 356 (бірінші бөлігінде), 355, 391, 392 (бірінші және екінші бөліктері), 393, 394, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

14) мынадай мазмұндағы 687-1-баппен толықтырылсын:

"687-1-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган

1. Жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 346, 349, 353-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

2. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның басшысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.";

15) 688-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"688-бап. Көмірсутек саласындағы уәкілетті орган

1. Көмірсутек саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 170 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және сегізінші бөліктерінде), 345, 348, 349, 350 (екінші және үшінші бөліктерінде) 353, 356 (бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және он үшінші бөліктерінде), 464 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Көмірсутек саласындағы уәкілетті орган ведомствосының лауазымды тұлғалары және аумақтық бөлімшелерінің басшылары және оның аумақтық органдарының басшылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.";

16) мынадай мазмұндағы 688-1-баппен толықтырылсын:

"688-1-бап. Уран саласындағы уәкілетті орган

1. Уран саласындағы уәкілетті орган 345, 346, 349, 350 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 353-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Ведомствоның лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.";

17) 697-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 230 (шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық жағынан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар жасаған құқық бұзушылықтар бойынша екінші бөлігінде), 297 (бірінші бөлігінде), 324, 325, 326 (бірінші және екінші бөліктерінде), 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333 (бірінші бөлігінде), 334, 335, 336, 337, 344, 344-1, 344-2, 346, 347, 351, 352, 353, 356 (бірінші бөлігінде), 358, 374, 377, 379, 391, 392 (бірінші бөлігінде), 393 (бірінші бөлігінде), 394, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде), 397 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 399 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды."

18) 804-баптың бірінші бөлігінің 46) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"42) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган 170 (жетінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктері), 171 (екінші және үшінші бөліктері) (тауарлық

немесе сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын асыру бойынша) 356 (он төртінші бөлік), 463-баптар;"

6. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 20 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 21 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

267-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"267-бап. Жер учаскелерін беру";

2) 138-баптың 3) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен лицензиялардың шарттарын орындауын сақтауына;

7) көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі және (немесе) уранды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу саласында;"

3) 257-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) жер учаскелерін беру;"

4) 267-бап мынадай редакцияда жазылсын:

267-бап. Жер учаскелерін беру

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес уақытша жер пайдалану құқығымен жер учаскелерін бөлу арқылы жүзеге асырылады";

5) 281-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау инвестициялық преференциялар беру болып табылады.



Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім бойынша мемлекеттік преференциялардың түрлері, оларды беру талаптары мен тәртібі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде айқындалады."

7. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 15, 78-құжат; 21-II, 130-құжат; № 22-I, 143-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) жер қойнауын пайдаланушының шығыстары туралы мәліметтердің аудиті – жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстарының аудиті.";

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

"4-3) жер қойнауын пайдаланушының шығыстары туралы мәліметтердің аудитін жүргізу;"

3) 5-баптың 2-тармағының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

""Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген жағдайларда көмірсутектерді барлау және өндіруге немесе қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғалар;"

8. "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар; 2013 ж., № 15, 76, 82-құжаттар; № 20, 113-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 12, 82-құжат; 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; 2016 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

2-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның ережелері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізумен байланысты қатынастарға қолданылмайды. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізумен байланысты қатынастар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес реттеліп, жүзеге асырылады."

9. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 114-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат):

72-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдалы қазбаларды өндіруге Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген арнайы экологиялық талаптарды ескере отырып, уәкілетті органның келісімімен, жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айрықша жағдайларда жол беріледі."

10. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 94-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 12, 87-құжат):

15-баптың 1-тармағының 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"27) жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган – жер қойнауын геологиялық зерделеу саласындағы мемлекеттік саясат пен бақылаудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану саласында өзге де функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;"

11. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 29-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; 2015 ж., №19-II, 102-құжат; №22-I,140-құжат; №23-II, 172-құжат):

18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2."Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген тәртіппен және шарттарда жер қойнауын пайдалану құқығына және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіге ие тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару

ниеті болған жағдайда мемлекет Қор, ұлттық компания немесе уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иемденудің басым құқығына ие болады."

12. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 20-IV, 113-құжат):

1-бап мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"18-1) терминал меншік иесі – магистральдық мұнай құбыры объектілерінің құрамына кірмейтін, резервуарлар болып табылатын өнеркәсіп объектісіне, сондай-ақ мұнайды көлікке (теміржол цистерналары, автоцистерналары, танкерлер және басқалары) немесе мұнай құбырына қабылдау және (немесе) жөнелтуге арналған платформаға иелік ететін заңды немесе жеке тұлға;"

2) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. магистральдық құбырдың меншік иесіне не өзгедей заңды негізде магистральдық құбырға иелік етуші тұлға уәкілетті органға жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық статистикалық бақылау немесе әкімшілік есепке алу үшін мұнайды тасымалдау жөнінде қажетті мәліметтерді ұсынады.";

3) 25-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Мұнай тасымалдауға арналған магистралдық құбырлар Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандырылуға тиіс."

4) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Терминал меншік иелелерінің өнімді сақтау, қабылдау және (немесе) жөнелту жөніндегі қызметтер көрсетуді ұсынуы

1. Терминал меншік иелері мұнай тасымалының жұмыс істеп тұрған маршруттары бойынша, өнім сақтайтын резервуарлар болып табылатын өзінің өнеркәсіптік объектісімен, сондай-ақ мұнайды қабылдау және (немесе) жөнелту үшін көлікке (теміржол цистерналарына, автоцистерналарға, танкерлерге және басқаларына) немесе мұнай құбырына арналған платформалармен мұнайды сақтау, қабылдау және (немесе) жөнелту жөніндегі қызметтер көрсетуді мұнайды сақтау, қабылдау және (немесе) жөнелту шартына, терминал меншік иесінің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ұсынады.

2. Терминал меншік иелері өздерінің өнеркәсіп объектілерін жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алу құралдарымен жарақтандырады."

3. Терминал меншік иесі магистральдық құбыр саласындағы уәкілетті органға жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажетті мұнай қозғалысы туралы деректерді ұсынуға міндетті;"

13. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 9-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 21, 122, 123-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 71-құжат):

1) 53-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Континенттік қайраң режимін сақтауды бақылау жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі.";

2) 54-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Континенттік қайраң режимінің бұзылуына байланысты құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда, жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті осы Заңға сәйкес заңсыз іс-әрекеттерді тоқтату үшін қажетті шаралар қолданады."

14. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат, № 19-II, 103, 104-құжаттар; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат):

73-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы сараптама жасалуға жататын жобалау құжаттары."

15. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат, № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар); №6, 45-құжат; №7-I, 50-құжат; №7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; №8-II, 68-құжат):

1) 28-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) көмірсутектер;"

2) 30-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, көмірсутектер

саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден дәлелді бас тартуды лицензиар он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

2. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, көмірсутектер саласындағы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша не оларды беруден дәлелді бас тарту Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.";

3) 34-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиар осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде және 5-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта ресімделетін атом энергиясын пайдалану, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты және экспорты, білім беру, көмірсутектер саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда, он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қайта ресімдейді.";

20) 1-қосымшаның "Мұнай және газ саласындағы қызметті лицензиялау" бөлігінде:

8 реттік нөмірі, жолдың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көмірсутек саласындағы қызметті лицензиялау";

8 реттік нөмірі, жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру</li><li>2. Көмірсутектер кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (кәсіпшілік зерттеулер, сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар).</li><li>3. Мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары.</li><li>4. Құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айдындарындағы көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау.</li><li>5. Кен орындарында ұңғымаларды жер асты жөндеу (ағымдағы; күрделі).</li><li>6. Көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру;</li></ol>	
--	--	--

<p>8 Көм(ірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия</p>	<p>сынаудан өткізу. 7. Көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою. 8. Мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту. 9. Құрлықтағы; теңіздегі көмірсутектер кен орындарында мұнайдың төгілуін болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар. 10. Мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану. 11. Көмірсутектер кен орындарына арналған жобалардың жобалық құжаттарын; технологиялық регламенттерін; техникалық-экономикалық негіздемесін жасау. 12. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.</p>	<p>Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып</p>
---	---	--

":

5) 2-қосымшаның 4-сынып "ресурстары шектелген квоталар пайдаланатын қызметке берілетін рұқсаттар" бөлімінде

реттік нөмірі 96, жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

<p>96 Жер қойнауын пайдаланушының жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру операцияларына байланысты өзге де объектілерді пайдалану процесінде өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету тәртібін мемлекеттік бақылау жөніндегі органдармен келісуі</p>	<p>Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларына байланысты өзге де объектілерді пайдалану процесінде өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету тәртібін келісу - х а т</p>
---	---

":

270 реттік нөмірі, жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

<p>207 Жер асты суларын барлауға рұқсат беру</p>	<p>Жер асты суларын барлауға рұқсат</p>
--	---

":

283 реттік нөмірі, жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

283	Теңіздегі объектілерді салуға немесе орналастыруға рұқсат беру	Теңіздегі объектілерді салуға немесе орналастыруға рұқсат
-----	--	---

".  
"

285, 286 және 287 реттік нөмірлері, жолдары алып тасталсын;  
289 реттік нөмірі, жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

289	Шикі газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру	Шикі газды алау етіп жағуға рұқсат
-----	--	------------------------------------

".

309 реттік нөмірі, жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

309	Көмірсутектердің кен орындарын әзірлеу жобасын бекіту	Көмірсутектердің кен орындарын әзірлеу жобасын бекіту туралы хат-шешім
-----	---	--

".

16) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-VII, 116-құжат):

2-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыруға байланысты қатынастар осы Заңмен және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен реттеледі."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК